bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП**

# Қызықты есептер

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 21.06.2019 | https://bilimger.kz/58330/ |

**АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА**

---

**Кдырсихова Айман Гизатовна**

**Мақсаты: Білімділігі:** Балаларға қызықты есептер бере отырып, жыл бойына алған білімдерін тиянақтау

**Дамытушылығы:** Қызықты есептерді шығара отырып баланың логикалық қабілеттерін, ой-өрісін іскерлігін дамыту.

**Тәрбиелігі:** Шығармашылыққа, жылдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Сабақ әдісі:** Сұрақ-жауап, түсіндіру,ойын, көрсету.

**Көрнекілігі:** Түрлі-түсті қағаздар, сан қатары мультимедия,

әліппе-дәптер.

**Сабақтың барысы:**

**І Ұйымдастыру кезеңі**

**ІІ Шаттық шеңбері**: Жоғары қарап ай көрдім

Төменге қарап жер көрдім

Оңға,солға бұрылып

Егеменді ел көрдім

**ІІІ** – Қай елде тұрамыз ?

- Елордамыз қай қала ?
- Президентіміз кім ?
- Ұлттық ақшамыз қалай аталады ?

**IV.** Ал ендеше математика еліне саяхатқа  барамыз

Кемеге отырып  онға дейін орысша, қазақша, ағылшынша санайық
Бәрі келді, «Жыл мезгілдері» еліне де келдік

- Жылда неше жыл мезгіл бар (4)
- 1 мезгілді қалай аталады (көктем)
- Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атайық ?
- Көктем айларын атау ?
- Кім көктем туралы тақпақ айтады ?
- Жаз ерекшеліктерін атау ?
- Тақпақ айту ?
- Қыс мезгілінің айларын атау ?
- Ерекшеліктерін атау ?
- Қыс туралы тақпақтар айтайық ?
- Күз мезгілінің айларын атау «ерекшеліктерін тақпақ айту ?

1. **V**. Кәне тоқтамайық келесі елімізге де жету үшін **«Есеп сабағы**» әнін әндетейік Еліміздің аты **«Есептер шығару**»

| | |
|---|---|
| 2+2=4 | 10-8=2 |
| 5+1=6 | 8-2=6 |
| 6+3=9 | 9-4=5 |
| 8+2=10 | 8-7=1 |

1. **VI.** Келесі еліміз **«Логикалық есептер»**

А) Ағашта 6 алма пісті. Оның 2 алмасын Мұрат жұлып алды. Неше алма ағашта қалды?

Б) Екі адамның  неше қолы бар (4)

В) Аялдамада 2 автобус тұр. Оның неше  дөңгелегі бар (8)

Г) Ағаштың артында қоянның 4 құлағы,түлкінің  3 құйрығы көрініп тұр. Барлығы неше жануар  ағаштың артында (5)

**VII. Сергіту сәті: «Он саусақ» VII. Келесі «еліміздің атауы» «Буынға бөлу» «Екіге тең бөлу»**

Ал-ма, Шыр-ша Ба-лық

Қар-быз Ке-се Шар-шы

Балалар шаршы дегеніміз не, неге жатады ? Ендеше келесі елміз «геометриялық фигуралар » елі деп аталады ?

**VIII – Қандай геометриялық фигураларды білеміз ?**

- Үш бұрыштың неше бұрышы бар ? (3)
- Төртбұрышта неше қабырғасы бар ? (4)
- Дөңгелек қандай сызықтан тұрады ?
- Дөңгелекте не жоқ ?

**Тапсырма орындау ?**

Күн Мысық Гүл Машина

**IX Ребус шешу:** Т-10 К-3 Қ-10-АҚ 4-ЛІК **X Сабақты бекіту**: Балалар бізде қай сабақ болды ? Математика сабағында қайда бардық ? Қандай елдермен таныстық Не үйрендік?

Балаларды мадақтау.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.